

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

*2022 жылғы 30 қарашадағы
№ ДС-345*

Құрметті депутаттар!

Ауыл шаруашылығын дамыту мәселелеріне қатысты сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Әлемдегі қалыптасқан жағдайды ескере отырып, ағымдағы жылы ауыл шаруашылығы саласын субсидиялау көлемі 139 млрд теңгеге ұлғайып, 453 млрд теңгені құрады.

Сонымен қатар соңғы бес жылда сүт мал шаруашылығын мемлекеттік қолдауға 82 млрд теңге бағытталды. Ағымдағы жылы сүт саласын қолдауға шамамен 24 млрд теңге, оның ішінде сүт өндіруге 18 млрд теңге қарастырылды.

Бұл ретте, Ауыл шаруашылығы министрлігі «Атамекен» ҰҚП, салалық одақтар мен қауымдастықтардың, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың өкілдерімен бірлесіп субсидиялау жүйесін реформалау бойынша жұмыс жүргізуде.

Субсидиялау рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету және оңайлату мақсатында негізгі мемлекеттік ақпараттық деректер базасымен интеграцияланған тегін мемлекеттік ақпараттық субсидиялау жүйесі әзірленіп, пайдалануға берілді. Сондай-ақ субсидиялардың қолжетімділігін арттыру үшін берілген өтінімдерді кезек тәртібімен қанағаттандыруға кепілдік беретін «күту парақтары» енгізілді.

Осыған байланысты қолданыстағы субсидиялау тетіктерінің негізгі бағыттарын сақтай отырып, нүктелік өзгерістерді көздейтін субсидиялаудың жаңа жүйесі ауыл шаруашылығын және осы мақсаттарға салынған мемлекеттік қаражатты субсидиялаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сіздер көтеріп отырған ветеринария саласындағы ұсыныстар мен мәселелер Ветеринария жүйесін реформалау жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының жоспары шеңберінде көзделген.

Сонымен қатар жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралар және қажетті вакциналарды жеткізу жоспарлы тәртіппен мерзімдерді бұзбай, өңірлердің өтінімдеріне сәйкес жүргізілуде.

Жеңілдікпен кредиттеуге, айыппұлдар мен өсімпұлдардың күшін жоюға, қара тізімнен шығаруға қатысты

«Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ (бұдан әрі – «АКК» АҚ) ауыл өнеркәсібі субъектілерін кредиттеу қаржы институттарын, оның ішінде екінші деңгейдегі банктерді, микроқаржы ұйымдарын, кредиттік серіктестіктер мен лизингтік компанияларды мал шаруашылығын, өсімдік шаруашылығын дамытуға және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге қорландыру арқылы да тікелей жүзеге асырылады. Қарыздар ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге негізгі және айналым қаражатын сатып алуға, құрылыс-монтаждау жұмыстарына беріледі.

Бұдан басқа «АКК» АҚ алдындағы кредиттік берешек бойынша қайта құрылымдауды және ұзартуларды ұсыну жолымен қаржылық қиындықтары бар агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне қолдауды жүзеге асырады. 2022 жылдың басынан бастап «АКК» АҚ-ға жалпы сомасы 81 млрд теңгеге 1 628 қарыз шартына қатысты 421 қарыз алушысының өтінімдері бойынша төлемдер кейінге қалдырылды.

Есептелген өсімпұлдар мен айыппұлдарды есептен шығару жөніндегі мәселелерді уәкілетті орган әрбір клиенттің өтінімдерін жеке қарау кезінде «АКК» АҚ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес қарастырады.

Сонымен қатар агроөнеркәсіптік кешенді қаржыландыру мынадай кредиттеу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады:

«Кең дала» бағдарламасы – ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен АӨК субъектілерін көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге кредиттеу, бюджеттік кредиттеудің жалпы сомасын 140 млрд теңгеге дейін жеткізумен қосымша 70 млрд теңгеге ұлғайтылды.

Осы бағдарлама аясында 4,3 млн га ауыл шаруашылығы алқаптарын өсіру үшін 3,7 мың ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер қаржыландырылды.

«Агробизнес» бағдарламасы – объектілерді жаңғырту, құрылыс-монтаждау жұмыстары және айналым қаражатын толықтыру үшін мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы кәсіпорындарын қаржыландыру жүзеге асырылатын әмбебап бағдарлама.

Ағымдағы жылы «Агробизнес» бағдарламасы аясында жалпы сомасы 163 млрд теңгеге 3 800 ауыл өнеркәсіп субъектісі несиелендірілді.

«Іскер» бағдарламасы – кәсіпкерлік бастамаларды іске асыру үшін тікелей қарыз алушылар мен түпкілікті қарыз алушыларды, оның ішінде аз қамтылған және/немесе көп балалы отбасылардың мүшелерін қаржыландыруға бағытталған.

2022 жылы осы бағдарлама шеңберінде жалпы сомасы 34,8 млрд теңгеге 5 мыңнан астам шағын несие берілді.

Бұдан басқа, 2023 жылдан бастап бүкіл республика бойынша Жамбыл облысының ауыл халқының табысын арттыру жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған пилоттық жобаны масштабтау жалғасады. Облыс әкімдіктерінің сауалдарына сәйкес 2023 жылға қажеттілік 2023 жылдан бастап жыл сайын 7,5 мың микрокредит беру жоспарымен жылдық 2,5% номиналды сыйақы мөлшерлемесімен 7 жылдан аспайтын мерзіммен 52 млрд теңгені құрайды. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты ауылдық жерлерде әл-ауқат деңгейін арттыру, оның ішінде нәтижелі жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, әсіресе жастарды жұмысқа орналастыру болып табылады.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру барысын бақылау және мониторингтеу мақсатында тұрақты негізде фермерлермен тікелей жергілікті жерлерде көтерілетін мәселелерді талқылай отырып сапарлар жүзеге асырылады, кеңестер өткізіледі және тиісті шаралар қабылданады.

Жалпы, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелері Үкіметтің ерекше бақылауында.

Ә. Смайылов

